

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ
ӘЛЕУМЕТТЕГІ (ОТБАСЫ, МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ, ҚОҒАМ)
ҚҰҚЫҚТАРЫМЕН ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОЗНАКОМЛЕНИЮ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО
ВОЗРАСТА С ПРАВАМИ И ОБЯЗАННОСТЯМИ В СОЦИУМЕ
(СЕМЬЕ, ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ, ОБЩЕСТВЕ)**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды әлеуметтегі (отбасы, мектепке дейінгі ұйым, қоғам) құқықтарымен және міндеттерімен таныстыру бойынша әдістемелік ұсынымдар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2025. – 25 б.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С.Н., п.ғ.к., профессор

Кусмамбетова Б.К., меңгеруші

Адиева А.А., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен құқықтық сауаттылықты қалыптастыру бойынша жұмыстың әдістері, құралдары мен нысандары берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен тәрбиешілеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 27 тамыздағы № 12 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қарқынды әлеуметтік өзгерістер мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың алдында баланы мектепке дайындап қана қоймай, оның отбасындағы, мектепке дейінгі ұйымдағы және қоғамдағы өмірін реттейтін құқықтық нормалар, құқықтар мен міндеттер туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру міндеті тұр [1].

Мектепке дейінгі ересек жас (4-5 жас) қарапайым әлеуметтік-мәдени нормаларды меңгерудің маңызды кезеңі [3], өйткені бұл жаста өзін-өзі тану, әділеттілік сезімі, өзінің мінез-құлқын реттеу және өзгелердің қызығушылықтарын ескеру қабілеті белсенді түрде дамиды.

Жұмыстың өзектілігі құқықтық мәдениеттің ерте қалыптасуы жеке тұлғаның үйлесімді дамуының маңызды негізі болып табылуымен байланысты. Мектепке дейінгі жаста қарапайым құқықтық ұғымдармен таныстыру жауапкершілікті сезінуге, әділеттілікті, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу қабілетін дамытуға ықпал етеді, бұл азаматтық тұлғаны қалыптастыру үшін ерекше маңызды [4].

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды түсінікті, ойын және көрнекі түрде олардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстырудың кешенді жүйесін құруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды Қазақстанға және Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне тиесілі екенін, сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзін қазақстандық ретінде тануды қалыптастыру.

Міндеттері:

1) әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;

2) Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

3) еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;

4) табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу.

Әдістемелік ұсынымдар тәрбиелеу-білім беру процесіне барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін құрметтеу арқылы балаларды қоғам өміріне дайын болуын қамтамасыз ете отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне мектеп дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетті жүйелі және бірізді құруға көмектеседі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы¹ (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұнында қарастырылған. Үлгілік бағдарламаның мазмұны тәрбиеленушілерді оң әлеуметтендіруге, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымда құқықтық тәрбие мынадай міндеттерді жүзеге асыруға:

- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін байыту;
- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістіктеріне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;
- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағытталған.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде салауатты өмір салты негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, танымдық дағдылары, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған әлемге мейірімділік танытуы, құрдастарымен қарым-қатынас жасау мәдениеті, ұлттық бірегейлік, азаматтық, патриотизмнің негіздері қалыптасады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде педагог балаларға:

- ненің «дұрыс», ненің «бұрыс» екенін түсінуді;
- сыпайы және мейірімді болуды;
- дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;
- қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды үйретеді, яғни ол тәрбиеленушілердің санасында құқықтық мінез-құлық негіздерін қалыптатырады: не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын, адамның өзіне және айналасындағы адамдарға қандай әрекеттердің зиянды екенін түсінуге көмектеседі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін қалыптастыру – жас және жеке ерекшеліктерді ескеруді талап ететін күрделі процесс.

Құқықтық тәрбиені адамгершілік, патриоттық және еңбек тәрбиесімен байланыстыру қажет, сондай-ақ, құқықтық тәрбиенің мектепке дейінгі ұйымның шеңберінен шығуы да өте маңызды, яғни ата-аналарды (занды

¹ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>

өкілдерді) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту және оларға балалардың құқықтарын сақтау мәселелері бойынша кеңес беру ұсынылады, бұл мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтық сауаттылығын табысты дамытуда шешуші рөл атқарады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҢ ӘДІСТЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды құқықтық тәрбиелеу олардың жас және жеке ерекшеліктерін, жетекші іс-әрекеті – ойынды ескере отырып, құрылуы керек. Педагогтің басты міндеті – тәрбиеленушілер тек ақпарат алып қана қоймай, тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді қатысатын, эмоционалды түрде тартылатын және өзбетінше қорытынды жасайтын жағдайлар жасау болып табылады. Бұған жұмыстың әдістері мен нысандарын дұрыс таңдау арқылы қол жеткізуге болады.

Балалармен жұмыстың әдістері, құралдары және нысандары

1. Бақылау әдісі. Педагог тәрбиеленушілерді жақын адамдарының бір-бірімен қарым-қатынасын, ренжіскенде бір-бірін кешіре ме, оларды не қуантып, не ренжітетінін байқауды ұсынады (мұны әке мен ананы, аға мен әпкесін бақылай отырып, отбасы жағдайында жасауға болады).

2. Драматизация әдісі. Балаларға басқа адамның рөліне еніп, «оның жағдайын сезінуге» мүмкіндік береді. Бұл әдіс балалардың сезімталдығын, айналасындағы адамдардың мәселелеріне неғұрлым жылдам әрекет ету қабілетін дамытады.

3. Проблемалық іздену әдісі. Бұл жұмбақтарды, сөзжұмбақтар мен ребустарды шешу.

4. Әңгімелесу – мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға құқықтық тәрбие берудегі маңызды әдістердің бірі. Ол балаларға құқықтар, міндеттер және мінез-құлық ережелері туралы білімді беріп қана қоймай, сонымен қатар ойлау, сөйлеу дағдыларын дамытуға, талдау және қорытынды жасай білуге ықпал етеді.

Қарым-қатынастың диалогтік формасы баланы белсенді қатысуға ынталандырады, жеке пікірін қалыптастырады және эмоционалдық тәжірибе мен логикалық түсіну арқылы моральдық және құқықтық нормаларды түсінуге көмектеседі.

5. Педагогтің көркем әдебиетті оқып беруі және талқылауы – балаларға құқықтық тәрбие берудің тиімді құралдарының бірі. Таныс ертегілер, әңгімелер, өлеңдер арқылы балалар құқық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, өзгелерге деген құрмет туралы тереңірек түсінеді.

Көркем бейне баланың санасына ғана емес, оның сезіміне де әсер етеді, бұл құқықтық нормаларды эмоционалды түрде қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар, мәтінді талқылау оқып бергенді сыни тұрғыдан ойлау мен

адамгершілік ұстанымды қалыптастыратын белсенді диалогтік әрекетке айналдыруға мүмкіндік береді.

6. Шығармашылық әрекет — бұл бала құқықтары туралы білімдерін бекітуге ғана емес, сонымен қатар сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру және ұжымдық шығармашылық арқылы құқықтық тақырыптарға көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін балалармен жұмыстың маңызды түрі. Шығармашылық әрекет балаларға құқықтық категорияларды саналы түрде сезінуге және оларды түсінікті, бейнелі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сурет салу, әңгімелеу, қолөнер арқылы бала өзінің пікірімен бөліседі, өз ұстанымын қалыптастырады және өзгелердің сезімі мен құқықтарын құрметтеуге үйренеді. Бұл құқықтық тәрбиені бейресми, белсенді және жеке процеске айналдырады.

7. Театрландырылған әрекет – мектеп дейінгі ересек жастағы балаларды құқықтық тәрбиелеудің ең мәнерлі және эмоционалды түрлерінің бірі. Ертегілердің, әңгімелер немесе ойдан шығарған сюжеттердің кейіпкерлерінің рөліне ену барысында бала құқықтық нормаларды меңгереді, әділ және әділетсіз мінез-құлықты ажырата білуге, жақсылықты қорғауға және құқық бұзушылықтарға қарсы тұруға үйренеді.

Театр баланың құқықтары бұзылатын немесе керісінше сақталатын жағдайларды сезінуге мүмкіндік береді, сол арқылы жеке моральдық ұстанымды қалыптастырады және коммуникативтік дағдыларды, жанашырлықты және ұжыммен әрекет етуді дамытады.

Сонымен қатар, тәрбиеші балалармен бірге топта сүйікті заттардың (ойыншықтар, кітаптар, суреттер және т.б.) көрмесін ұйымдастыра алады. Заттарды таңдау кезінде балаларда әр адамның өзінің жеке заттары бар және оны бағалайтыны, бұл заттарға өзгелердің мұқият, құрметпен қарауы қажет екені туралы түсініктері бекітіледі. Әр тәрбиеленушіге өз заты туралы әңгімелеп, оның не үшін ұнайтынын түсіндіру ұсынылады.

Сондай-ақ, топта дамытушы ортаны ұйымдастыруға көңіл бөлу өте маңызды. Тәрбиелеу-білім беру процесінің әрбір қатысушысына барлық ойыншықтар, материалдар мен құралдар еркін қол жетімді болуы керек.

Балабақшадағы құқықтық тәрбие бойынша ойындар

Ойын – мектепке дейінгі ұйымдағы негізгі әрекет, тәрбиеленушінің қоршаған әлемді танып-білуіне, құқықтық қарым-қатынас пен мінез-құлық дағдыларын меңгеруіне, жеке тәжірибе жинақтауына көмектеседі. Бұл тақырыптағы ойындар әртүрлі болуы мүмкін: сөздік, дидактикалық, үстел үсті, сюжетті-рөлдік, қиялды дамытуға арналған ойындар, қимылды ойындар, театрландырылған ойындар, саяхат ойындары (мысалы, глобус бойынша).

1. Сөздік ойындар

Бала үшін қолжетімді және оңай меңгерілетін құқықтық ұғымдардың бірі – өзінің есіміне құқығының болуы. Оны бекіту үшін педагог құқықтық сананы қалыптастырып қана қоймай, сөйлеу мен есте сақтауды, құрдастарымен достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ететін түрлі сөздік

ойындарды пайдалана алады. Педагог допты, ойыншықты немесе жалаушаны беру тәрізді қимыл элементтерін де енгізе алады.

Есімге байланысты құқық туралы түсінікті қалыптастыруға бағытталған ойындар:

«Еркелетіп атау»

Әр тәрбиеленуші кезекпен өзінің есімін айтады, содан кейін оны үйде қалай еркелететіп атайтынын айтады. Балалар бірнеше нұсқаны атай алады. Әрбір жауап үшін балалар текше алады. Ойынның соңында нәтижелер қорытындыланады: ең «көп есім» немесе түпнұсқа есім анықталады, әрқайсысының даралығына оң көзқарас қалыптасады.

«Еркелетіп шақыр»

Ойын алдыңғы ойынға ұқсас, бірақ енді бала өз құрдасының есімін барынша еркелетіп атау керек. Бұл құрдастарының есімдері туралы білімдерін бекітуге ғана емес, сонымен қатар топта сыйластық пен достық қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектеседі.

«Есім қалай өзгереді»

Педагог балаларға өзінің бала кездегі фотосуреттерін көрсетіп, есімінің жасына қарай қалай өзгергенін айтады (мысалы: Назек → Назым → Назым Асқарқызы). Содан кейін балалар өздерінің есімдері қалай «өзгеретінін» ойлайды. Бұл ойын балаларға әлеуметтік рөлдер, құрметпен қарау және жасына байланысты өзгерістер туралы түсінік береді.

«Менің анам мен әкемнің есімдері»

Шеңбер бойымен допты немесе ойыншықты бір-біріне беріп, балалар ата-анасының атын атайды. Ойын жеке тұлға мен оның отбасы арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді, есте сақтауды дамытады және есімнің қоғамдағы маңызы туралы түсініктерін кеңейтеді.

2. Басқа құқықтарды бекітетін ойындар

«Кім қандай үйде тұрады» (тұрғын үйге құқық, сондай-ақ оның меншігі). Педагог жануардың немесе жәндіктің атын атап, әр балаға доп лақтырады, ал тәрбиеленуші оның мекендейтін орнын айтуы керек (мысалы, ара - ара ұясы (омарта), аю – апан және т.б.).

«Менің мекен-жайым» (тұрғын үйге құқық). Балалар кезекпен (шеңбер бойымен допты немесе ойыншықты бір-біріне бере отырып) тұратын мекен-жайын атайды. Алдымен тек көшені, содан кейін үйді, қабатты, пәтер нөмірін атауға болады.

«Бір-бірімізді жақсы білейік» (ойын балаларға әр адамның даралығын, құндылығын түсінуге, сондай-ақ әртүрлі адамдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінуге көмектеседі). Музыка әуенімен балалар топта еркін қозғалады. Музыка тоқтаған кезде біреумен жұп болып, сұрақ қою керек. Мысалы, «Сенің ағаң немесе әпкең бар ма және олардың есімдері кім?», «Сенің сүйікті түсің немесе киімің қандай және т.б.». Ойын барысында педагог әртүрлі сұрақтар қойып, балалардың жаңа жұп құруын бақылай алады.

«Менің қолымнан келеді». Балалар шеңберге тұрып немесе отырып, бір-біріне допты беріп, жақындарына қандай жақсылық жасайтындарын айтады (мысалы, мен анама үй жинауға, тамақ дайындауға, ал әкеме гаражда, аулада көмектесемін).

3. Театрландырылған және қиялды дамытатын ойындар

Мұндай әрекеттер кезінде педагог тәрбиеленушілерге шағын қойылымды өмірден немесе ертегіден белгілі бір жағдайды қайта жаңғыртуды (бұл жағдайда олар өздерінің құқықтық білімдерін бекітеді) немесе өзбетінше әңгіме құрастыруды ұсынады.

«Сыпайы сұра» (мүлікті иеленуге меншік құқығы). Балаға құрдасынан ойыншығын сұрау ұсынылады. Мұны сыпайы түрде жасау керек, өзінің ойыншығымен ойнауды ұсынуға болады.

«Ертегілер әлемі» (әркімнің өз пікіріне құқығы бар). Бұл таныс ертегіге негізделген үстел үсті немесе қуыршақ театры. Тәрбиеленушілер кейіпкерлердің мінез-құлқы өзгертілген өздерінің нұсқасын ойдан шығарып, оны сахналай алады. Сюжеттер қызықты болуы мүмкін. Мысалы, бауырсақ зұлым болады, ол орман тұрғындарын уландырғысы келеді, ал түлкі, керісінше, мейірімді, оларды құтқаруға тырысады.

«Ертегі шеңбер бойымен жүреді» (өз пікірін білдіру және өз ойын еркін жеткізу құқығы). Тәрбиеленушілер бірге ертегіні ойдан шығарады: біреуі оны бастайды, ал қалғандары кезекпен жалғасын құрастырады.

Педагог балаларға көздерін жұмып, мысалы өзін көбелек ретінде елестетуді ұсынады. Балалар бұл тіршілік иесінің қорғансыздығын сезінуі керек, жәндіктер өз қауіпсіздігіне сенімді болуы үшін олардың сезімдері және басқалардың өзін қалай ұстауы керектігі туралы айту керек. Осылайша, балалар өмір сүру құқығы және оған зиян келтірмеу туралы түсініктерін нығайтады.

«Менің арманымдағы балабақша». Педагог балаларға тапсырма береді - әдеттегідей ережелері (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттер, мерекелер мен ойын-сауық және т.б.) жоқ балабақшаны ойдан шығару және балалар онда не істейтінін әңгімелеп беру. Балалардың әңгімелерін тыңдағаннан кейін тәрбиеші мұндай әрекеттер қалай аяқталуы мүмкін және неліктен кез келген қоғамда тәртіп сақталуы керек екені туралы балаларды қорытындыға әкеледі.

4. Қимылды ойындар

«Құтқарушылар» (өмір сүру құқығын бекіту). Ойыншықтар құрсауға қойылады: олар адам тұрмайтын аралға немесе өртеніп жатқан үйге тап болды. Тәрбиеші тапсырма береді: құрсауға жетіп, ойыншықтарды құтқару. Әр жолы балалар түрлі қимылдар жасайды (екі құрсаумен екі команда арасында эстафеталық ойындар өткізуге болады): «өрмекші», жұппен, қол ұстасып, көздерін жұмып және т.б.

Пантомима «Мен үйде ата-анама көмектесемін» (міндеттер туралы түсінікті бекіту). Бала үйдегі кейбір жұмыстарды қалай орындайтынын қимылмен көрсетеді. Ал қалған балалар қимыл нақты нені білдіретінін табуы керек.

Педагог төбелесудің жақсы емес екенін (бұл жеке бастың құқығын бұзу) түсіндіреді және балаларды өздерінің жағымсыз эмоцияларын «Ең күштілердің жекпе-жегі» ойынына бағыттауға шақырады. Екі қатысушы жүрелеп отырып, қолдарымен тізелерін қысады, бір-бірін қырымен итереді. Бірінші құлаған немесе қолын тізеден алып тастаған бала жеңіледі.

5. Сюжетті-рөлдік ойындар

Тәрбиеленушілердің арасындағы достық қарым-қатынасты қалыптастыруда және құқықтық қатынастарды түсінуде шынайы өмірге өте жақын болғандықтан сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы зор. «Аурухана», «Емхана», «Дәріхана», «Жедел жәрдем» сияқты сюжеттерді сахналау арқылы балалар әр адамның медициналық көмек алуға құқығы бар, сонымен қатар өз денсаулығына қамқорлық жасау керек екені туралы білімдерін бекітеді.

«Құтқарушылар» ойыны маңызды адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейді: балалар адам өмірінің құндылығын және әр адамның қиын жағдайда көмекке және құтқаруға құқығы бар екенін түсінеді. Құқықтық тәрбие отбасылық өмірден («Отбасы») қойылымдарды сомдауға ықпал етеді: тәрбиеленушілер үйде әркімнің белгілі бір міндеттері бар екенін, ал ересектердің өзінің балалары үшін жауапты екенін түсінеді.

Құқықтық тәрбие жұмыстары бойынша ата-аналармен жұмыс

Балабақша мен отбасының белсенді өзара әрекетінсіз тиімді құқықтық тәрбие беру мүмкін емес. Ата-аналар (заңды өкілдері) баланың алғашқы тәрбиешілері және адамгершілік-құқықтық нұсқауларды тасымалдаушылар болып табылады. Әділдік, сыйластық, құқықтар мен міндеттер туралы бастапқы түсініктер отбасында қалыптасады. Сондықтан бұл бағытта ата-аналармен (заңды өкілдерімен) жұмыс жүйелі, мазмұнды және практикаға бағытталған болуы керек.

Құқықтық тәрбие саласында ата-аналармен жұмыс жүргізу әдістемесі.

1. Ақпараттық-ағарту қызметі

Жаднамалар, буклеттер, стендтер:

«Бала құқығы – қарапайым сөздермен түсіндіру»

«Баланы өзін дұрыс қорғауға қалай үйрету керек»

«Тәртіп ережелері: үйде және балабақшада нені білу маңызды».

Балабақша дәлізіндегі ақпараттық бұрыштар немесе құқық бойынша тақырыптарды қабылдау бөлмесіне орналастыру.

Мектепке дейінгі ұйымның сайтындағы ұсынымдар (бар болса): мақалалар, заңдарға сілтемелер, психологтың кеңесі.

2. Жеке және топтық консультациялар

Балалар арасында туындайтын құқықтық карама-қайшылықтарды талқылау (мысалы, топтағы жанжалдар, агрессия, жеке шекараны бұзу).

Тақырыптар бойынша кеңестер:

«Балада әділдікті сезінуді қалай дамытуға болады»

«Құқық неден аяқталып, жауапкершілік неден басталады»

«Баламен құқықтар туралы түсінікті тілде қалай сөйлесуге болады»

3. Ата-аналар жиналысы

Тақырыптық жиналыстар:

«Отбасы мен қоғамдағы балалардың құқықтары»

«Отбасы мен балабақша: құқықтар туралы бірге айтамыз»

4. Бірлескен іс-шаралар

Жобамен жұмыс және шығармашылық сайыстар:

«Құқық балалар көзімен» (суреттер, фотоколлаждар)

«Менің бақытты отбасым» (отбасылық презентациялар)

«Менің құқығым бар...» - көрмелер, плакаттар әзірлеу

Кейіпкерлердің құқықтары бұзылған немесе қорғалған ертегілерді талқылау.

Осылайша, ата-аналармен жұмыс мектепке дейінгі ұйымдағы құқықтық тәрбие жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Педагог пен отбасының тығыз ынтымақтастығы арқылы ғана баланың бойында тұрақты құқықтық білім мен дағдыларды қалыптастыруға, өзгелерге құрмет көрсетуге, әділ пікірлерін білдіруге, сондай-ақ ережелер аясында өз құқықтарын қорғауға үйретуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерді қалыптастыру үйлесімді, жауапты және әлеуметтік белсенді тұлғаны дамытуға бағытталған тәрбие мен оқытудың тұтас процесінің маңызды құрамдас бөлігі.

Төрт жастан бес жасқа дейінгі кезең – моральдық-адамгершілік қасиеттердің қарқынды даму, айналасындағылармен өзара әрекет ету тәжірибесін жинақтау, баланың даралығы мен қоғамдағы орнын сезіну кезеңі болып табылады.

Құқықтық тәрбие осы кезеңде қолжетімділік, жүйелілік, көрнекілік және тұлғаның маңыздылық принциптеріне құрылуы керек.

Бұл шынайы жағдайларда білім мен дағдыларды бекітуге мүмкіндік беретін баланың күнделікті өміріне жақын ойын түрлерін, шығармашылық тапсырмаларды, жағдаяттарды қолдануды көздейді.

Құқықтар мен міндеттерді меңгеру нақыл сөз түрінде емес, балаларды бірлескен әрекетке белсенді түрде тарту процесінде жүзеге асуы маңызды, онда балалар бастамашылық таныта алады, өз пікірін қорғай алады, шешім қабылдай алады және өз әрекеті үшін жауап береді.

Осы Әдістемелік ұсынымдарды іске асыру:

- заңдарда және моральдық нормаларда бекітілген құқықтар мен міндеттер туралы балаларда қарапайым түсініктер қалыптастыруға;
- басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу және олардың қызығушылықтарын ескере білуге;
- жанжалдарды бейбіт жолмен шешу және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға;
- мектеп дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік құзыреттілік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Бұл жұмыста мектепке дейінгі ұйымның отбасымен тығыз байланысы ерекше маңызға ие.

Ата-аналар мен педагогтер балаларға жағымды және мейірімді мінез-құлықтың, қолдау мен өзара көмектің оң үлгісін көрсете отырып, біртұтас тәрбиелеу қауымдастығы ретінде әрекет етуі керек.

Осылайша, балаларды отбасындағы, мектепке дейінгі ұйымдағы және қоғамдағы құқықтарымен және міндеттерімен таныстыру бойынша жүйелі және бірізді жұмыс демократиялық мемлекетте өмір сүруге, заңдарды құрметтеуге және басқа адамдардың құқықтарын бағалауға қабілетті болашақ азаматты қалыптастыруға берік негіз қалыптастырады.

Мектепке дейінгі жастан бастап құқықтық сананы тәрбиелеу – қоғамның тұрақты, әділ және үйлесімді дамуына инвестиция.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы – (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>).
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы- (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>).
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелді – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>).

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру	4
3	Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмыстың әдістері, құралдары мен нысандары	5
4	Қорытынды	11
5	Қолданылған әдебиеттер	12

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по ознакомлению детей старшего дошкольного возраста с правами и обязанностями в социуме (семье, дошкольной организации, обществе): Методические рекомендации. – Астана, 2025. – 25 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С. Н., к.п.н., профессор

Кусмамбетова Б. К., заведующая

Адиева А. А., методист

В методических рекомендациях представлены методы, средства и формы работы с детьми старшего дошкольного возраста по формированию правовой грамотности

Данные методические рекомендации предназначены для методистов и воспитателей дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 12 от 27 август 2025 года).

Институт раннего развития детей, 2025 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

В условиях стремительных социальных изменений и расширения информационного пространства перед дошкольным воспитанием и обучением встает задача не только подготовить ребенка к школе, но и сформировать у него начальные представления о правовых нормах, правах и обязанностях, которые регулируют жизнь в семье, дошкольной организации и обществе [1].

Старший дошкольный возраст (4-5 лет) является важным периодом для усвоения элементарных социокультурных норм [3], так как в этом возрасте активно развивается самосознание, чувство справедливости, умение регулировать свое поведение и учитывать интересы других.

Актуальность работы обусловлена тем, что раннее формирование правовой культуры является важной основой гармоничного развития личности. Знакомство с элементарными правовыми понятиями в дошкольном возрасте способствует развитию чувства ответственности, справедливости, умения решать конфликты мирным путем, что особенно важно для формирования гражданской идентичности [4].

Данные методические рекомендации направлены на создание целостной системы ознакомления детей старшего дошкольного возраста с их правами и обязанностями в доступной, игровой и наглядной форме.

Цель методических рекомендаций — формирование у детей старшего дошкольного возраста чувств принадлежности и сопричастности Казахстану, к культуре и традициям народа Казахстана, осознания себя в качестве казахстанца с учетом возраста детей.

Задачи:

- 1) формировать социально-эмоциональные навыки, приобщать к социальным и этическим нормам и традициям общества, общечеловеческим ценностям; воспитывать самостоятельность;
- 2) знать историю и культуру родины, формировать уважительное отношение к ней, расширять представление о родной земле;
- 3) формировать уважительное отношение к видам труда и к людям различных профессий;
- 4) развивать познавательный интерес к миру природы, чувство сопереживания живым объектам природы, умение видеть элементарные последствия некоторых своих действий по отношению к окружающей среде.

Настоящие методические рекомендации помогут педагогам дошкольных организаций системно и последовательно выстраивать организованную деятельность по формированию правовой грамотности детей старшего дошкольного возраста, обеспечивая подготовку детей к жизни в социуме на основе уважения к правам и обязанностям всех его участников воспитательно-образовательного процесса.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ

Формирование правовой грамотности у детей старшего дошкольного возраста рассматривается в содержании Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения¹ (далее – Типовая программа). Содержание Типовой программы направлено на позитивную социализацию воспитанников, приобщение их к социокультурным нормам, традициям семьи, общества и государства, формирование духовно-нравственных ценностей.

Правовое воспитание в дошкольной организации направлено на реализацию следующих задач:

- обогащать знания о труде взрослых, его роли в общественной жизни человека, общепринятых нормах и правилах взаимоотношения со сверстниками и взрослыми;
- воспитывать патриотизм, чувство гордости за достижения республики;
- формировать дружеские взаимоотношения со сверстниками;
- воспитывать любовь к родному краю, своей стране, интерес к ее истории;
- соблюдать правила безопасности в окружающей среде, природе.

В воспитательно-образовательном процессе формируются основы здорового образа жизни, навыки безопасной жизнедеятельности, двигательные, адаптивные, коммуникативные, социально-эмоциональные, когнитивные навыки, гуманное отношение к себе, семье, сверстникам, окружающему миру, культура общения воспитанников, основы национальной самоидентичности, гражданственности, патриотизма.

В ходе воспитательно-образовательного процесса педагог учит детей:

- понимать, что «правильно» и что «неправильно»;
- быть вежливым и доброжелательным;
- дружить, уважать, помогать, делиться;
- соблюдать правила безопасного поведения и здоровые привычки, т.е. закладывает в сознание воспитанников основы правового поведения: как можно поступать, а как нельзя, помогает им осознать, какие действия приносят вред самому человеку и окружающим людям.

Формирование представлений детей старшего дошкольного возраста о правах и обязанностях — это сложный процесс, требующий учета возрастных и индивидуальных особенностей.

Правовое воспитание должно быть связано с нравственным, патриотическим и трудовым воспитанием, также очень важно, чтобы правовое воспитание выходило за рамки дошкольной организации, т.е. рекомендуется привлекать родителей (законных представителей) в воспитательно-образовательный процесс и консультировать их по вопросам правового развития детей, что играет ключевую роль в успешном

формировании правовой грамотности у детей старшего дошкольного возраста.

¹<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>

МЕТОДЫ, СРЕДСТВА И ФОРМЫ РАБОТЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Правовое воспитание детей старшего дошкольного возраста должно строиться с учетом их возрастных и индивидуальных особенностей и ведущей деятельности — игры. Основной задачей педагога является создание условий, при которых воспитанники не просто получают информацию, но активно вовлекаются в образовательный процесс, эмоционально включаются и самостоятельно делают выводы. Этого можно достичь при грамотном выборе методов и форм работы.

Методы, средства и формы работы с детьми

1. Метод наблюдения. Воспитатель предлагает воспитанникам проследить, как близкие относятся друг к другу, прощают ли взаимные обиды, что их может порадовать и огорчить (это можно сделать на уровне семьи, наблюдая за папой и мамой, братом и сестрой).

2. Метод драматизации. Позволяет детям «прочувствовать» другого человека, войти в его положение. Такой прием воспитывает в детях чуткость, способность более остро реагировать на проблемы окружающих людей.

3. Проблемно-поисковый метод. Это отгадывание загадок, решение кроссвордов и ребусов.

4. Беседа — один из важнейших методов в правовом воспитании детей старшего дошкольного возраста. Она позволяет не только передать детям знания о правах, обязанностях и правилах поведения, но и способствует развитию мышления, речевых навыков, умения анализировать и делать выводы.

Диалоговая форма общения побуждает ребенка к активному участию, формирует его собственное мнение и помогает осознать морально-правовые нормы через эмоциональное проживание и логическое осмысление.

5. Чтение педагогом и обсуждение художественной литературы — одно из самых эффективных средств правового воспитания детей. Через знакомые сказки, рассказы и стихи дети могут глубже понять, что такое права, справедливость, добро, ответственность, уважение к другим.

Художественный образ воздействует не только на сознание, но и на чувства ребенка, что способствует эмоциональному восприятию правовых норм. При этом обсуждение текста позволяет превратить чтение в активную диалоговую деятельность, формирующую критическое мышление и нравственную позицию.

6. Творческая деятельность — это важная форма работы с детьми, позволяющая не только закрепить знания о правах ребенка, но и выразить

свое отношение к правовым темам через рисование, лепку, конструирование, аппликацию и коллективное творчество. Творческая деятельность позволяет детям осознанно прожить правовые категории и выразить их в доступной, образной форме. Через рисунок, рассказ, поделку ребёнок делится своим внутренним миром, формирует свою позицию и учится уважать чувства и права других. Это делает правовое воспитание неформальным, живым и глубоко личностным процессом.

7. Театрализованная деятельность является одной из наиболее выразительных и эмоционально насыщенных форм правового воспитания детей старшего дошкольного возраста. В процессе перевоплощения в героев сказок, рассказов или придуманных сюжетов ребенок осваивает правовые нормы, учится различать справедливое и несправедливое поведение, отстаивать добро и противостоять нарушениям.

Театр позволяет ребенку прожить ситуацию, в которой нарушаются или, наоборот, соблюдаются права, тем самым формируя личную нравственную позицию и развивая навыки общения, сочувствия и коллективного взаимодействия.

Вместе с тем, воспитатель совместно с детьми может периодически организовать в группе выставки любимых предметов (игрушек, книг, рисунков и др.). При отборе предметов у детей закрепляется понятие о том, что каждый человек имеет свои личные вещи и дорожит ими и что эти предметы требуют бережного, уважительного отношения со стороны окружающих. Каждому воспитаннику предлагается рассказать о своем предмете, объяснить, почему он ему так нравится.

Вместе с тем, очень важно обратить внимание на организацию развивающей среды в группе. Каждый участник воспитательно-образовательного процесса должен иметь свободный доступ ко всем игрушкам, материалам и пособиям.

Игры по правовому воспитанию в детском саду

Игра является основным видом деятельности в дошкольной организации, она помогает познать воспитаннику окружающий мир, овладеть навыками правового общения и поведения, наработать свой личный опыт. Игры данной тематики могут быть различных видов: словесные, дидактические, настольные, сюжетно-ролевые, игры на воображение, подвижные, игры-драматизации, игры-путешествия (например, по глобусу).

1. Словесные игры

Одним из самых доступных и легко усваиваемых правовых понятий для ребенка является право на имя. Для его закрепления педагог может использовать разнообразные словесные игры, которые не только формируют правовое сознание, но и способствуют развитию речи, памяти, дружелюбного отношения к сверстникам. Педагог также может вводить элементы подвижности, например таких как передача мяча, какой-либо игрушки или флажка.

Игры, направленные на формирование понимания права на имя:

«Назови ласково»

Каждый воспитанник по очереди называет свое имя, а затем рассказывает, как его ласково называют дома. Дети могут называть несколько вариантов. За каждый ответ дети получают фишку. В конце игры подводятся итоги: определяется самое «многоименное» или оригинальное имя, формируется позитивное отношение к индивидуальности каждого.

«Позови ласково»

Игра аналогична предыдущей, но теперь ребенок должен назвать уменьшительно-ласкательную форму имени своего сверстника. Это помогает не только закрепить знание имен сверстников, но и формирует уважительное и доброжелательное общение в группе.

«Как растет имя»

Воспитатель показывает детям свои детские фотографии и рассказывает, как с возрастом менялось ее имя (например: Назек → Назым → Назым Аскарвна). Затем дети размышляют, как будет «расти» их собственное имя. Такая игра дает детям представление о социальных ролях, уважительном обращении и возрастных изменениях.

«Как зовут моих маму и папу»

В кругу, передавая мяч или игрушку, дети быстро называют имя своих родителей. Игра способствует закреплению связей между личностью и ее семьей, развивает память и расширяет представление о значимости имени в обществе.

2. Игры на закрепление других прав

«Кто в каком доме живет» (право на жилище, а также его неприкосновенность). Воспитатель бросает мяч каждому ребенку, называя животное или насекомое, а воспитанник должен в ответ назвать его жилище (например, пчела — улей, медведь — берлога и т. д.).

«Мой домашний адрес» (право на жилище). Воспитанники по очереди (передавая мячик или игрушку по кругу) называют свой домашний адрес. Как вариант можно сначала всем назвать только улицу, затем — дом, этаж, номер квартиры.

«Лучше узнаем друг друга» (игра помогает воспитанникам осознать индивидуальность и ценность каждого человека, а также осмыслить сходство и различия разных людей). Под музыку дети свободно двигаются по группе. Когда музыка перестает звучать, нужно встать с кем-либо в пару и задать вопрос. Например, «Есть ли у тебя брат или сестра, и как их зовут?», «Твой любимый цвет или одежда и т. д.». В процессе игры воспитатель может задавать разные вопросы и следить, чтобы дети каждый раз создавали новые пары.

«Я умею». Стоя или сидя в кругу, дети передают друг другу мячик и рассказывают, какие добрые дела они делают по отношению к своим близким людям (например, помогаю маме убираться по дому, готовить еду, а папе — в гараже, во дворе).

3. Игры-драматизации и развивающие воображение

В процессе такой деятельности педагог просит воспитанников разыграть небольшую сценку — воспроизвести определенную ситуацию из жизни или сказки (при этом они закрепят правовые знания), либо придумать собственную историю.

«Попроси вежливо» (право на владение имуществом и его неприкосновенность). Ребенку предлагается попросить у сверстника на время его игрушку. Сделать это нужно вежливо, взамен можно предложить поиграть со своей игрушкой.

«Сказка наизнанку» (любой человек имеет право на свое личное мнение). Это настольный либо кукольный театр по мотивам знакомой сказки. Воспитанники могут придумать свой вариант с измененными характерами персонажей и разыграть его. Сюжеты могут быть самыми неожиданными. Например, колобок будет злым, хочет отравить лесных жителей, а лиса, наоборот, доброй, стремится спасти их.

«Сказка идет по кругу» (право иметь свое мнение и свободно выражать свои мысли). Воспитанники все вместе придумывают сказку: один ее начинает, а остальные поочередно сочиняют продолжение.

Воспитатель предлагает закрыть глаза и вообразить себя, например, маленькой бабочкой. Дети должны прочувствовать беззащитность этого существа, рассказать о своих ощущениях и о том, как нужно вести себя окружающим, чтобы насекомое было уверено в своей безопасности. Таким образом, дети закрепляют понимание права на жизнь и ее неприкосновенность.

«Детский сад мой мечты». Педагог дает детям задание — придумать свой детский сад, в котором бы отсутствовали привычные правила (распорядок дня, организованные деятельности, праздники и развлечения и пр.) и придумать свой, рассказать, что там будут делать дети. Выслушав несколько рассказов, воспитатель подводит детей к выводам, чем может закончиться такое поведение и почему в любом обществе должен соблюдаться порядок.

4. Подвижные игры

«Спасатели» (закрепление права на жизнь). В обруч кладутся игрушки: они оказались на необитаемом острове либо в горящем доме. Воспитатель дает задания добираться до обруча и поочередно спасать игрушки. Каждый раз дети передвигаются разными способами (можно провести эстафету между двумя командами с двумя обручами): «паучком», парами, держась за руки, с закрытыми глазами и пр.

Пантомима «Я помогаю родителям по дому» (закрепление понятия обязанностей). Ребенок движениями тела показывает, как он делает какую-то работу по дому. А остальные ребята должны отгадать, что именно имеется в виду.

Воспитатель, объясняет, что драться — нехорошо (это нарушение права на личную неприкосновенность), и предлагает детям направить негативные эмоции в игру «Бои сильнейших». Двое участников садятся на корточки и

обхватывают коленки руками, боком толкают друг друга. Проигрывает тот, кто первым упадет на бок или уберет руки с колен.

5. Сюжетно-ролевые игры

Важную роль в становлении доброжелательных взаимоотношений воспитанников, осознании ими правовых отношений играет сюжетно-ролевая игра, поскольку она очень близка к реальной жизни. Обыгрывая такие сюжеты, как «Больница», «Поликлиника», «Аптека», «Скорая помощь», дети закрепляют знание о том, что каждый человек имеет право на медицинскую помощь, а также должен сам заботиться о своем здоровье.

Важные нравственные качества воспитывает игра «Спасатели»: дети уясняют ценность человеческой жизни и то, что каждый человек имеет право на помощь и спасение в трудной ситуации. Правовому воспитанию способствует и моделирование сценок из семейной жизни («Семья»): воспитанники понимают, что каждый имеет определенные обязанности по дому, а взрослые несут ответственность за своих детей.

Работа с родителями по правовому воспитанию

Эффективное правовое воспитание невозможно без активного взаимодействия детского сада с семьей. Родители (законные представители) — первые воспитатели ребенка и главные носители нравственных и правовых ориентиров. Именно в семье формируется первичное представление о справедливости, уважении, правах и обязанностях. Поэтому работа с родителями (законными представителями) в данном направлении должна быть системной, содержательной и практико-ориентированной.

Методы работы с родителями в области правового воспитания.

1. Информационно-просветительская деятельность

Памятки, буклеты, стенды:

«Права ребенка — простыми словами»

«Как научить ребенка защищать себя правильно»

«Правила поведения: что важно знать дома и в детском саду»

Информационные уголки в коридоре детского сада или приемной группы с правовой тематикой.

Рекомендации на сайте дошкольной организации (если есть): статьи, ссылки на законы, советы психолога.

2. Индивидуальные и групповые консультации

Обсуждение правовых конфликтов, возникающих у детей (например, конфликты в группе, агрессия, нарушение личных границ).

Консультации по темам:

«Как формировать у ребенка чувство справедливости»

«Где заканчиваются права и начинаются обязанности»

«Как говорить с ребенком о правах на понятном языке»

3. Родительские собрания

Тематические собрания:

«Права ребенка в семье и обществе»

«Семья и детский сад: вместе о правах»

4. Совместные мероприятия

Проектные работы и творческие конкурсы:

«Права глазами детей» (рисунки, фотоколлажи)

«Моя счастливая семья» (семейные презентации)

«Я имею право...» — оформление выставок, плакатов

Обсуждение сказок, в которых нарушаются или защищаются права

Таким образом, работа с родителями — неотъемлемая часть системы правового воспитания в дошкольной организации. Только в тесном сотрудничестве педагога и семьи возможно формирование у ребенка устойчивых правовых знаний и навыков, развитие уважительного и справедливого отношения к окружающим, а также умения отстаивать свои права в рамках правил и норм.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Формирование у детей старшего дошкольного возраста представлений о правах и обязанностях является важной составляющей целостного процесса воспитания и обучения, направленного на развитие гармоничной, ответственной и социально активной личности.

Период от четырех до пяти лет – это время интенсивного становления морально-нравственных ориентиров, накопления опыта взаимодействия с окружающими, осознания своей индивидуальности и места в обществе.

Правовое воспитание на данном этапе должно строиться на принципах доступности, системности, наглядности и личностной значимости.

Это предполагает использование игровых форм, творческих заданий, ситуаций, близких к повседневной жизни ребенка, что позволяет закреплять знания и навыки в естественных условиях.

Важно, чтобы усвоение прав и обязанностей происходило не в форме назидательных наставлений, а в процессе активного включения детей в совместную деятельность, где они могут проявлять инициативу, отстаивать свое мнение, принимать решения и нести ответственность за свои поступки.

Реализация данных Методических рекомендаций способствует:

- формированию у детей элементарных знаний о правах и обязанностях, закрепленных в законах и моральных нормах;
- развитию умения уважать права других людей и учитывать их интересы;
- воспитанию навыков мирного разрешения конфликтов и соблюдения правил безопасного поведения;
- повышению уровня правовой культуры и социальной компетентности дошкольников.

Особое значение в данной работе имеет тесное взаимодействие дошкольной организации с семьей.

Родители и педагоги должны выступать единым воспитательным сообществом, демонстрируя детям положительный пример правомерного и уважительного поведения, поддержки и взаимопомощи.

Таким образом, системная и последовательная работа по ознакомлению детей с правами и обязанностями в семье, дошкольной организации и обществе создает прочную основу для формирования будущего гражданина, способного жить в условиях демократии, уважать законы и ценить права других людей.

Воспитание правосознания с дошкольного возраста – это инвестиция в устойчивое, справедливое и гармоничное развитие нашего общества.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании». – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319> .
2. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан» - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
3. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 5 августа 2022 года № 29031 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения». – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> .
4. Приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 августа 2016 года № 499. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 14 сентября 2016 года № 14235 «Об утверждении Типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения». – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235> .

СОДЕРЖАНИЕ

1	Пояснительная записка	15
2	Формирование правовой грамотности	16
3	Методы, средства и формы работы по формированию правовой грамотности у детей старшего дошкольного возраста	17
4	Заключение	23
5	Список использованной литературы	24